

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Олай болса, қазіргі қазақстандық медиа жүйелердің жасөспірім тұлғасына айтарлықтай әсер ететіндігі туралы қорытынды жасауға болады. Жасөспірімдерге қажет танымдық, әлеуметтік маңызы бар, гуманистік боялған ақпарат көбінесе деструктивті бағыттағы мазмұн мен ойын-сауықпен ауыстырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Qualter, P., & Munn, P. Journal of Child Psychology and Psychiatry // The separateness of social and emotional loneliness in childhood - 2002 - №43
2. Bożena M. Procedia - Social and Behavioral Sciences. // Mass Media and Children. Globality in Everyday Life – Poland: Kielce, Jan Kochanowski University, 2015. №174 – p.41303.
3. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразаев Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008 жж.)- 3-бас. - Алматы : Білім, 2014. – 307 б.
4. Авторлар ұжымы, Алаштың аяулы Ақселеуі: Ақаң туралы естеліктер // Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі. - Алматы : Қазығұрт, 2011. – 294 б.
5. Kim, Yeora. The impact of the Internet on children's daily lives: physical, social and psychological well-being. / USA: University of Georgia, 2014. – p.135

ӘОЖ 070.1

КОРОНАВИРУСТЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

Құрақпаева Нұрай

nurai.kom@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Журналистика және саясаттану факультетінің магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - С.Е.Тапанова

Тарихқа көз жүгіртсек, атынан ат үркіп, адамзатты түгел қыруға қауқарлы болған індеттің түрлері көп кездескенін байқауға болады. 1997 жылы құс тұмауы, 1918-1919 жылдары испан тұмауы, безгек сынды дерт дендеп, талай халықты қынадай қырған еді. Ол уақытта медицина бүгінгідей дамымағанын ескерсек, келген дертпен күресуге халықтың қауқары жеткіліксіз болатын. Нәтижесі – жаппай қырылу. Аталған алапат аурулардың бәрі тек тарих беттерінде қалғаны көңіл қуантады. Ал, барша жаһан жұртын әлекке салған коронавирус инфекциясы қайдан шықты? Қалай пайда болды? Қолдан жасалды ма? Ғылыми ортада COVID-19 пандемиясының жаңа қырлары туралы қандай деректер бар? Бұл және өзге де сұрақтардың жайын сараптап көрсек.

Бүгінде емі табылмаған ауру жоқ. 2020 жылы әлемдік пандемия дәрежесінде жарияланған коронавирустың да дертіне шипа, алдын алуға екпе ойлап табылғалы қашан?! Бірақ, халықтың салғырттығынан аурудың тарау қарқыны біржола тыйылмай тұр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, 2023 жылдың сәуір айындағы статистика бойынша, әлемде әлі күнге дейін 20 300 мыңға жуық адам коронавирус індетімен күресіп жатыр.

Алайда, небәрі екі айдың ішінде, вирустың 114 мемлекетке жайылғанын ескерген Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2020 жылдың 11 наурызында коронавирусты әлемдік пандемия дәрежесінде жариялап, қатаң шектеулер енгізді.

Пандемия – жаңа ауру түрінің жаһандық ауқымда таралуы. Гректің "пандемос" деген сөзінен шыққан. Қазақшасы – "барлық адамға тиесілі". Мамандар бұл терминді ауру әлемнің түкпір-түкпіріне таралған жағдайда қолданады. Бұл аурудың қауіптілігінен бұрын оның

таралу ауқымын білдіреді және жұқпалы ауруларда ғана қолданылады. Аурудың таралу ауқымы мен жұқтырғандар саны арта түссе, эпидемия пандемияға айналады.

Пандемияның жалпыға ортақ үш критеріі:

- вирус ауру тудырып, адам қазасына әкелуі мүмкін;
- вирус адамнан адамға жұғады;
- вирустың әлем бойынша таралуының дәлелі бар. [1]

Дегенмен ковид пандемия деңгейінде жарияланғанымен, соның өзінде халық көкейінде күмән басым болды. Тек жазда жаппай ауру таралғанда ғана көпшілік коронавирустың қауіпті екенін түсіне бастады.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желіде ел назарын елендеткен SARS-CoV-2 туралы ақпараттың түр-түрі жазылуда. Бәз біреулер аталған вирустың 2019 жылы Қытай зертханасынан «жоспардан тыс» шығып, 2020 жылы әлемге тарап, 4 миллионға жуық адамның ажалына алып келгендігін айтып, ақпар таратқан. Вирустың түпкі тегін зерттеу не үшін қажет? Ғалымдар бұл туралы бұрын неге тіс жармаған?

COVID-19 пайда болып, оның жер әлемге тарауы туралы түрлі пікір айтылды. Бастапқыда алғашқы науқас Қытайдан табылғандықтан оның шығу тегі де сол ел екені айтылған.

Ғалымдардың пайымдауынша, вирустың пайда болуы жайында алғашқы және ең көп таралған нұсқа жарқанаттармен байланысты. Әдетте, жарқанат – түрлі ауру таратушысы. Өз кезегінде зиянды жәндіктермен қоректеніп, ауыл мен орман шаруашылығына пайда әкелгенімен, адам мен жануарға уы арқылы зардап келтіре алатынын да ескерген абзал. Ол адамды тістеп не тырнап алған жағдайда, кісі құтыру немесе вирустық ауруларға шалдығады. Жарқанаттың инфекция туғызушы екенін есепке ала отырып, ғалымдар орын алып жатқан эпидемияның жарқанатпен қатысты болуы әбден мүмкін екенін ескертеді. Бұл – жарқанаттан тікелей адамға жұғып, яғни жарқанат ауру тасымалдаушы болуы мүмкін деген нұсқа.

4 қаңтарда АҚШ президенті Дональд Трамптың ұлттық қауіпсіздік бойынша кеңесшісінің орынбасары Мэтью Поттингер коронавирус инфекциясының шығуына қатысты ойын айтқан. Оның сөзінше, коронавирус пандемиясының пайда болуының "сенімді" теориясы - зертханадағы таралып кету екен. Поттингер "барлаушылардың кейінгі мәліметтері" барын айтып, бұл теориясына қатысты ешқандай дәлел келтірмеді. Оның айтуынша, зертханада таралып кету немесе апат болып, патоген "сытылып шыққан" болуы мүмкін. [2]

Поттингер мұндай мәлімдемені ДДҰ сарапшыларының Ухан қаласына пандемияның шығу себебін тексеруге барар алдында жасаған. Ол ДДҰ әрекетін "потемкин ауылдарына" теңеп, түрлі ел парламентарийін "ДДҰ-ның тергеуін әшкерелеуге қатысуға" шақырған. Себебі батыс сарапшылары ұйым Қытай оған зор ықпал етіп отырғандықтан пандемияның қалай шыққанын анықтауда объектив шешім қабылдамауы мүмкін деп қорқып отыр.

Көп ұзамай қытайлық тарап АҚШ басшылығының айыптауына жауап берді. Қытайдың сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Хуа Чуньин бұл мәлімдеме жалған және ол қауесет екенін айтты.

Бұл коронавирустың тарауы туралы жалғыз пікір емес. Бұған дейін АҚШ президенті Дональд Трамп COVID-19 Қытай зертханасында тарағанының дәлелі барын айтқан болатын. Трамп вирустың Уханнан тарағанының дәлелдерін көрген-көрмегені туралы сұраққа "Иә, көрдім" деп жауап берген болатын. Алайда президент қандай да бір ақпарат беруді бастартқан. Кейіннен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Трамптың пікіріне қатысты ойын айтты.

ДДҰ сарапшылары қаңтар айында Қытайға барып, коронавирустың қалай пайда болғанын анықтауды жоспарлап отырған. Алайда 6 қаңтарда ұйым басшысы Тедрос Адханом Гебрейесус Қытай ДДҰ сарапшыларына зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бермей отырғанын мәлімдеді.

Тедрос Адханом Гебрейесус бірнеше елдегі мамандар пандемияның себебін анықтауға дайын екенін, алайда Бейжің әлі де оған мүмкіндік бермей отырғанын айтты. Артынша 11 қаңтарда ДДҰ сарапшыларына Қытайға кіруге рұқсат берілгені белгілі болды. ДДҰ баспасөз қызметінің мәліметінше, халықаралық сарапшылар тобы 14 қаңтарда Қытайға жаңа коронавирустың шығу себебін анықтауға аттанды. Сарапшылар тобында Жапония, Катар, АҚШ, Германия, Вьетнам, Аустралия, Нидерланд, Ұлыбритания, Дания және Ресей мамандары бар.

12 қаңтарда Қытайға аттанған сарапшылар тобының өкілі Марион Купманс вирустың қайдан шыққаны туралы түрлі болжам барын, алайда ол жарқанаттар резервуары болуы мүмкін екенін мәлімдеген болатын. Купманс пандемияның басталуына байланысты Қытайды кінәлаудың қажеті жоқ деп санайды, себебі ешқандай ел одан алдын ала сақтана алмайды. ДДҰ өкілінің сөзінше, коронавирустың басқа елден таралып бастауы да әбден мүмкін. Дегенмен зерттеуді алғашқы науқас тіркелген Уханнан бастау маңыздырақ екен.

Бүгін Купманстың жарқанаттар резервуары туралы теориясы расталды: ухандық вирусологтар 2017 жылы оларды коронавирус инфекциясы бар жарқанаттар шағып алғанын мойындады. Сол кездің өзінде жарқанаттар түрлі вирусты, соның ішінде, SARS (Ауыр жіті респираторлық синдром) тасымалдаушысы болған. Ғалымдар үлгі жинау барысында маска тақпай, қолғап кимей жұмыс істеген. Осылайша ДДҰ-ның ережелері өрескел бұзылған. [3]

Зерттеушілердің бірі оны жарқанат шағып алған кезде "қолғабын біреу инемен тесіп алғандай болғанын" айтқан. Алайда ғалым оның алдында құтыруға қарсы екпе салдырып қойғандықтан оған мән бермеген. Ал әйгілі вирусолог Ши Чжэнли оның жұмысы көп адам ойлағандай қауіпті емес екенін және "адамның жарқанаттардың вирус жұқтыру қаупі аз" екенін айтқан.

Ендігі бір нұсқада жарқанат пен адам арасында тасымалдаушы болуы мүмкін екендігі айтылады. Мысалы, жарқанаттан басқа бір жануарға, одан барып адамға жұғуы мүмкін.

Сондай-ақ тағы бір көзқарас «ауру – астан» дегенге саяды. Яғни, мұздатылып сақталған тағамдар немесе жарқанат етін жеу арқылы вирусты жұқтыру мүмкіндігінің артуы.

Ал америкалық ғалымдардың болжауынша, эпидемия «қолдан жасалуы» да мүмкін деген нұсқа бар. Бұл, жоғарыда біз айтып өткен вирустың зертханалық орталықтан таралуы туралы. Оны «биологиялық қару» ұғымымен шатастырмау керек. Мәселе зертханадағы қауіпсіздік жүйесі мен вирустық штамдардың сақталуына қатысты. [4]

Зертхана қызметкерлерінің сөзінше де, зертхананың биологиялық бақылау деңгейі өте жоғары болған. Бункер үлгісінде салынған бетон ғимаратта ауаны, суды және қалдықтарды сүзгіден өткізіп, залалсыздандырып отырғанымен, Ухань зертханасының бұрынғы қызметкері коронавирус табиғи жолмен пайда болды деген болжамды жоққа шығармайды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы талай мәрте вирустың зертханадан «қашып шыққанына» дәлел жоқ екенін алға тартып келеді. Аталған мәселені түпкілікті шешу мақсатында биылғы ақпанда ДДҰ бір топ ғалымды Уханьға жіберген еді. Олар вирустың қолдан жасалғанына қатысты мардымды ештеңе таппады. Дегенмен, ДДҰ басшысы Тедрос Адханом Гебрейесус коронавирустың пайда болуына қатыс-ты мәселенің әлі де басы ашық деп айтты.

Ғалымдар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына хат жазып, вирустың қалай пайда болғанын егжей-тегжейлі анықтауды сұрап отыр. Өкінішке қарай, ұйымның қолынан мардымды ештеңе келер емес. Өйткені Қытай билігі халықаралық ұйым атынан келген зерттеу-шілерге қолынан келгенше кедергі келтіріп отыр. Мәселен, Уханьдағы зертхана әлі күнге дейін өздері жүргізген ғылыми жұмыстар туралы ақпаратты толық бөліскен жоқ. Сондықтан кең көлемде зерттеу жүргізу мүмкін емес.

Қалай дегенмен де, түгел әлем тағдырын тәлкекке түсіріп, жер-жаһанды жүрісінен жаңылдырған тәжвирус қайдан шықса да, бүгінде әлемдік пандемияға айналды. Өткенді қазбалап, «кім әкелді», «қайдан келді» деген сұрақтардың туатыны, оған ғалымдардың бас қатыратыны заңды әрі жөн.

Бүгінгі күні «емнің – екпеде», «саулықтың – сақтықта» екенін естен шығармаған жөн. Қайдан келсе де, адам атаулыны сарсаңға салған вирусты жеңу барша халықтың өз қолында болып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Всемирная организация здравоохранения. <https://www.who.int/ru>
2. Пресс брифинг по COVID-19 11 марта 2020 г. <https://www.who.int/ru/director-general/speeches/detail/who-director-general-s-opening-remarks-at-the-media-briefing-on-covid-19---11-march-2020>
3. Chinese virologist accuses Beijing of hiding details on coronavirus. <https://www.youtube.com/watch?v=NUbrE1v4kuQ>
4. Летучая мышь ... инфицированный COVID-19 человек: что в промежутке? <https://news.un.org/ru/story/2021/01/1394312>

ӘОЖ 070

**БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ – ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫСТАҒЫ
МАҢЫЗДЫ ҚҰРЫЛЫМ РЕТІНДЕ**

Омарханов Жанжігіт Абзалбекұлы

zhanzhigit@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Қ.Ө. Сак

Мемлекеттік құрылымның қызметі, ондағы атқарылып жатқан жұмыстар қалың жұртшылыққа жеткізіліп отыруы бүгінгі таңда маңызды қажеттілікке айналған. Әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдардың сан қырлы қызмет түрлерін халыққа жеткізуде сол құрылымның негізгі бөлімшелерінің бірі баспасөз қызметінің, қоғаммен байланыс орталықтарының жұмысына тікелей байланысты. Белгілі бір министрліктің, ұлттық компанияның немесе әрқилы деңгейдегі әкімдіктердің жұмысы баспасөз қызметі арқылы көпшілікке жететіндіктен бұл құрылымға мемлекет тарапынан ерекше мән беріле бастады.

Әдетте бұл құрылымдар бұқаралық ақпарат құралдарымен тікелей байланыста жұмыс істеп, тиісті мемлекеттік мекеменің атқарып жатқан жұмыстары туралы нақты, тексерілген ақпаратты БАҚ құралдарына жолдайды. Қазіргі кезде Қазақстанда баспасөз қызметі әлеуметтік институттардың бірі ретінде жұмыс істесе, кейбір мемлекеттерде мұндай құрылымдар қоғаммен байланыстарды ұйымдастыру саласындағы PR агенттіктері мен компаниялары форматында жиі кездесетін көрінеді. Біздің елімізде идеологиялық функцияларды атқаратын баспасөз қызметтері дамып келе жатыр. Себебі қалай болғанда да баспасөз қызметі тиісті министрліктің, мемлекеттік мекеменің маңызды ақпаратын баспасөз, телевизия, радио және басқа салаларда қызмет істейтін журналистерге жеткізіп, белгілі бір идеяларды, нақты ресми ақпараттарды жеткізеді.

Біздің елімізде алғашқыда Президенттің баспасөз қызметі өнімді жұмыс істеп, барлық бұқаралық ақпарат құралдары баспасөз мәслихаттарына қатысу арқылы нақты ресми ақпарат алу мүмкіндігіне ие бола бастағаннан кейін, жүре келе әкімдіктерде, министрліктерде, ұлттық компанияларда бұндай құрылымдар ақырындап құрыла бастады. Ал кейіннен олардың жұмыстары да қарқын алды, кейіннен бүкіл басқару жүйесінде кең тарады.

Қазіргі таңда түрлі ұйымдар мен мекемелерде, мемлекеттік және жекеменшік құрылымдарда арнайы құрылған бөлімдердің жұмыс аясы бұқаралық ақпарат құралдарымен